

**"Цифрлық денсаулық сақтау саласындағы анықтамалықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 4 ақпандағы № ҚР-ДСМ-14 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-104 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 қыркүйекте № 29908 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Цифрлық денсаулық сақтау саласындағы анықтамалықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 4 ақпандағы № ҚР-ДСМ-14 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №22166 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 87) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрыққа қосымшамен бекітілген цифрлық денсаулық сақтау саласындағы анықтамалықтарда:

"Мүгедектік тобы" деген бөлімде:

реттік нөмірлері 1.4, 1.5, 1.6, 1.7-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

1.4	67822003	мүгедектігі бар бала
1.5	67822004	бірінші топтағы мүгедектігі бар бала
1.6	67822005	екінші топтағы мүгедектігі бар бала
1.7	67822006	үшінші топтағы мүгедектігі бар бала

":

"Әлеуметтік мәртебе" деген бөлімде реттік нөмірлері 1.6, 1.6.1- жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

1.6	183428003	мүгедектігі бар баланы күтіп-бағуды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адамдар
1.6.1	183428003	бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды күтіп-бағуды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адамдар

"

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Электрондық денсаулық сақтауды дамыту департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі*

*А. Ғиният*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігі